

Мамлют ауданының селолық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық, білім, әлеуметтік ұйымдардың мамандарына отын алуға 2009 жылға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2009 жылғы 25 қарашадағы N 19/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 қарашада N 13-10-93 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2011 жылғы 14 қазандағы N 129 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық мәслихатының 2011.10.14 N 129 хаты)

Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 -III Заңының 18-бабы 5-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Мамлют ауданының селолық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық, білім, әлеуметтік қамту, мәдениет және спорт мемлекеттік ұйымдардың мамандарына отын алуға әлеуметтік көмек аудандық бюджет қаражатынан 2009 жылға бір мың теңге сомасында келесі құжат түрлері негізінде берілсін.

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 4) жұмыс орнынан анықтама;
- 5) С Т Н көшірмесі.

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған соң, он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы*

Э. Камалетдинова

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

А.Нұртаев